

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

**Мамандығы: Құқықтану**

**Шифр: 6М030100**

**Пән: Сот қызметін ұйымдастыру**

**1-тақырып. Сот билігінің түсінігі мен мәні**

**Түйінді сөздер:** сот билігі, сот төрелігі, судьяның тәуелсіздігі.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Сот билігінің түсінігі
2. Сот билігінің мәні
3. Судьялардың тәуелсіздігі

**Дәріс тезистері:**

Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады.

Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді.

Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен

белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Соттар ғимараттарына және сот отырысы залдарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы орнатылады және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі қойылады.

Судьялар сот төрелігін судья мантиясын киіп жүзеге асырады, оның нысаны мен сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Сот билігінің түсінігі
2. Сот билігінің мәні немен анықталады
3. Судьялардың тәуелсіздігінің қандай кепілдіктері бар

## **2-тақырып. Қазақстан Республикасының сот жүйесі**

**Түйінді сөздер:** сот жүйесі, жергілікті соттар, мамандандырылған соттар, сот жүйесінің бірлігі, сот төрағасы, сот алқасы.

**Негізгі сұрақтар:**

1. ҚР сот жүйесі
2. ҚР сот жүйесінің бірлігі
3. Аудандық және оған теңестірілген соттар
4. Облыстық және оған теңестірілген соттар
5. ҚР Жоғарғы Соты

**Дәріс тезистері:**

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті соттар құрайды.

Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді. Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот - Қазақстан Республикасының Әскери соты, мамандандырылған қаржылық соттар және басқалар);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот - гарнизонның әскери соты және басқалар).

Қазақстан Республикасында мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен өзінің атауы бейнеленген мөрі болады.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің бірлігі:

1) Конституцияда, осы Конституциялық заңда, іс жүргізу және өзге де заңдарда белгіленген, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен;

2) сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңдарда белгіленген бірыңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен;

3) Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен;

4) заңдарда судьялардың бірыңғай мәртебесін баянды етумен;

5) заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен;

б) барлық соттарды тек қана Республикалық бюджет есебінен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі.

Аудандық және оларға теңестірілген соттарды құру. Аудандық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі - аудандық соттар) уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Аудандық сот Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады.

Егер аудандық сотта штат бойынша бір судья (бірқұрамды сот) көзделсе, ол осы соттың төрағасы өкілеттігін атқарады.

Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

Аудандық сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) сот статистикасын жүргізеді;
- 3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) сот судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) азаматтарды қабылдауды жүргізеді;
- 4) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;
- 6) өкімдер шығарады;
- 7) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Бірқұрамды сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару аумақтық уәкілетті орган басшысының ұсынысы бойынша облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларының біріне жүктеледі.

Облыстық және оларға теңестірілген соттарды уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Облыстық соттар судьяларының жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әр облыстық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Облыстық соттың құрылымы мен құрамы. Облыстық сот төрағадан, алқалар төрағаларынан және судьялардан тұрады.

Облыстық соттың органдары мыналар:

- 1) қадағалау алқасы;
- 2) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 4) соттардың жалпы отырысы.

Облыстық соттың өкілеттігі:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) (Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 199 Конституциялық заңымен)

3) сот тәжірибесін зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

- 4) облыс соттарының әкімшісі қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық сот алқалары. Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі алқасын - алқалар төрағалары басқарады.

Әрбір алқадағы судьялар саны сот төрағасының ұсынысы бойынша жалпы отырыста белгіленеді.

Азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқа жалпы отырыста талқылағаннан кейін дербес құрамын сот төрағасы белгілейтін судьялардан тұрады.

Сот төрағасы азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқада мамандандырылған құрам түзуі мүмкін.

Облыстық сот төрағасы. Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) қадағалау алқасын басқарады, алқаларда сот істерін қараған кезде төрағалық етуге құқылы;
- 3) қажет болған жағдайларда бір алқаның (қадағалау алқасынан басқа) судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады;
- 4) облыстық соттың жалпы отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 5) алқа төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндетін атқаруды алқа судьяларының біріне жүктейді;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;
- 7) соттың жалпы отырысының ұсынысы негізінде Әділет біліктілік алқасына судья қызметіне кандидаттың тағылымдамадан өту нәтижелері туралы қорытынды жібереді;
- 8) сот тәжірибесін зерделеуді ұйымдастырады;
- 9) өкімдер шығарады;
- 10) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 11) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;
- 12) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндеті өзінің өкімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Облыстық сот төрағасы орнынан түскен не өкілеттіктерін мерзімнен бұрын өзгедей тоқтатқан жағдайда, оның міндеттері уәкілетті органның шешімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Облыстық сот алқасының төрағасы. Облыстық сот алқасының төрағасы судья болып

табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) алқа судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) алқа отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) сот төрағасына алқа құрамында мамандандырылған құрам жасақтау жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) сот тәжірибесін зерделеу әрі жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 5) соттың жалпы отырысына алқа қызметі туралы хабарлама ұсынады;
- 6) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Алқа төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда сот төрағасы оның міндетін атқаруды алқалар судьяларының біріне жүктейді.

Облыстық соттың жалпы отырысы. Облыстық сот қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

- 1) алқа құрамының санын белгілейді және қадағалау алқасының құрамына судьялар сайлайды;
- 2) сот жұмысының жоспарын талқылайды;
- 3) алқалар төрағаларының хабарламаларын тыңдайды;
- 4) сот практикасын талқылайды және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;
- 5) уәкілетті органға белгілі бір адамды облыс соттарының әкімшісі қызметіне тағайындауға келісімін береді;
- 6) облыс соттары әкімшісінің өз қызметі туралы есебін тыңдайды;
- 7) аудандық сот төрағасы қызметінің бос орнына кандидатураларды қарайды және оның нәтижелері бойынша тиісті қорытындылар жасайды;
- 8) уәкілетті органға облыс соттары әкімшісін қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;
- 9) судья қызметіне кандидаттардың тағылымдамадан өту қорытындыларын қарайды және Әділет біліктілік алқасына тиісті қорытынды береді;

9-1) сот төрелігін іске асыру бойынша төмен көрсеткіштері немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан да көп тәртіптік жазасы бар судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

- 10) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Жалпы отырыс облыстық сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болады. Облыстық соттың жалпы отырысының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентпен анықталады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттың өкілеттігі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жалпы юрисдикция соттарының қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды;
- 2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;
- 3) сот практикасында заңдарды қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдайды;
- 4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың құрылымы мен құрамы. Жоғарғы Сот Төрағадан, алқа төрағаларынан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Жоғарғы Соттың органдары мыналар:

- 1) қадағалау алқасы;
- 2) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 4) соттың жалпы отырысы.

3. Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады.

Жоғарғы Сот алқалары. Жоғарғы Соттың қадағалау алқасын, азаматтық істер жөніндегі алқасын және қылмыстық істер жөніндегі алқасын алқалардың төрағалары басқарады.

Әр алқадағы судьялардың саны және олардың дербес құрамы Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыста белгіленеді.

Жоғарғы Соттың Төрағасы алқаларда мамандандырылған құрамдарды құруы мүмкін.

Жоғарғы Сот Төрағасы. Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар:

- 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) алқада сот ісін қараған кезде төрағалық етуге құқылы;
- 3) Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасы және заңда көзделген негіздемелер бойынша қадағалау тәртібімен сот актілерін қайта қарау туралы ұсыныс жасау мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді;
- 5) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының және ғылыми-консультациялық кеңес мүшелерінің кандидатураларын енгізеді;
- 6) қажет болған жағдайларда бір алқаның судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады;
- 7) Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді;
- 8) алқалардың жұмысын үйлестіреді;
- 9) Жоғарғы Соттың Аппаратына жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның құрылымы мен штатын бекітеді;
- 10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;
- 11) өкімдер шығарады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне уәкілетті орган басшысының кандидатурасын ұсынады;

2) соттардың тиісті жалпы отырыстарының қарауына аудандық соттың төрағасы, облыстық соттың төрағасы және облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметінің бос орнына балама негізде кандидатуралар енгізеді;

3) соттардың жалпы отырыстарының қорытындылары негізінде соттардың жалпы отырыстарында қаралған барлық кандидаттардың материалдарын қоса тіркей отырып,

тиісінше Жоғары Сот Кеңесіне немесе Әділет біліктілік алқасына аудандық сот төрағасы, облыстық сот төрағасы және облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметтерінің бос орындарына балама негізде кандидатуралар ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Президентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

5) осы Конституциялық заңмен көзделген негіздер туындаған жағдайда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесіне және Әділет біліктілік алқасына Республика соттары төрағаларының, алқа төрағалары мен судьяларының өкілеттігін тоқтату мәселесі бойынша ұсыныс енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне судьяларды мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

7) Республика судьяларына "Құрметті судья" атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы ережені бекітеді;

8) заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндеті Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқалардың бірінің төрағасына жүктеледі. Жоғарғы Сот Төрағасы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының біріне жүктейді.

Жоғарғы Сот алқасының төрағасы. Жоғарғы Сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) алқаның сот отырыстарында төрағалық етеді;

2) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қарау үшін судьялардың тиісті құжаттарды дайындауын қамтамасыз етеді;

4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысына алқа қызметі туралы ақпарат береді;

5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Алқа төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқа судьяларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Соттың жалпы отырысы:

1) алқалардың сандық және дербес құрамын белгілейді;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдайды және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3-1) заңға сәйкес сот істерін қадағалау тәртібімен қарайды;

4) Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының және уәкілетті орган басшысының хабарламасын тыңдайды;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;

6) облыстық сот төрағасы мен облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметінің бос орнына кандидатураларды талқылайды және тиісінше қорытындылар береді;

7) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыс Хатшысын және ғылыми-консультациялық кеңестің құрамын бекітеді, сондай-ақ жасырын дауыспен Сот жюриін сайлайды;

7-1) сот төрелігін іске асыру бойынша төмен көрсеткіштері немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан да көп тәртіптік жазалары бар судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

8) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жалпы отырыс оған Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Жоғарғы Сот жалпы отырысының жұмыс тәртібі өзі бекітетін регламентпен белгіленеді.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ҚР сот жүйесіне қандай соттар кіреді
2. ҚР сот жүйесінің бірлігі немен анықталады
3. Аудандық және оған теңестірілген соттардың өкілеттігі
4. Облыстық және оған теңестірілген соттардың өкілеттігі және құрылымы
5. ҚР Жоғарғы Сотының өкілеттігі және құрылымы

### **3-тақырып. Аудандық және оларға теңестірілген соттар.**

1. Жүйенің орта буын соттары
2. Жоғарғы соттың органдары
3. Судьялар мәртебесі

Облыстық соттар және оларға теңестірілген астананың және республикалық маңызы бар қалалардың соттары, Қазақстан Республикасы әскерлерінің Әскери соты орта буын соттары болып есептеледі. Олар бірінші, апелляциялық, кассациялық және қадағалау инстанцияларының соттары ретінде әрекет етеді, сонымен бірге, олар заңмен белгіленген жағдайларда, жаңадан ашылған жағдаяттар бойынша қылмыстық істерді қарайды.

Бірінші инстанция соты ретінде олар, мәселен, аса ауыр жағдайда кісі өлтіру, геноцид, мемлекетке опасыздық жасау, террорлық, баскесерлік, жаппай тәртіпсіздік туралы қылмыстық істерді, сондай-ақ өз қалаулары бойынша неғұрлым күрделі және маңызды азаматтық істерді қарайды.

Мұнымен қоса, орта буындағы соттар заңды тұлғалар арасындағы даулы мәселелерге байланысты шаруашылық істерін қарайды.

Орта буын соттары апелляциялық және кассациялық тәртіппен қылмыстық және азаматтық істер бойынша шағымдар мен наразылықтарға байланысты негізгі буын соттары қараған істерді қарайды.

Бұл соттар қадағалау инстанциясы ретінде заңды күшіне енген сот қаулыларының заңдылығы мен негізділігін тексереді, жаңа ашылған жағдаяттар бойынша істерді қайта қарайды.

Мұнымен қоса, орта буын соттары сот статистикасын жүргізеді және талдайды, сот практикасын зерттейді, қорытындылайды, өзіне заңмен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Орта буын соттарын Әділет министрінің ұсынымы бойынша Республика Президенті құрады және таратады.

Соттардың сандық құрамын тиісті соттың сот жұмыстарының ауқымы мен сыйпатын, халықтың санын және отырып жасаған ұсынымы бойынша Әділет министрі белгілейді.

Орта буын соттары төрағадан, сот алқасы төрағаларынан және тұрақты судьялардан құралады. Сот президиумы, қылмыстық, азаматтық және шаруашылық істері бойынша сот алқалары осы соттардың органдары болып саналады (әскерлердің әскери сотында шаруашылық істері бойынша сот алқалары болмайды).

Сот алқаларын олардың төрағалары басқарады. Алқа құрамын тиісті соттың судьяларынан төраға бекітеді.



Сот алқалары бірінші инстанция бойынша апелляциялық, кассациялық және жаңа ашылған істерді қарайды.

Сот мүшелерінің жалпы санының көпшілік және жасырын даусымен жыл сайын сайланатын орта буынның сот президиумы сот төрағасынан және тұрақты төрт судьядан тұрады.

Сот президиумы шағымдар мен наразылықтар, сондай-ақ жаңа ашылған жағдайлар бойынша қадағалау тәртібімен істер қарайды.

Орта буынның сот төрағасы судья болып есептеледі және соттың жұмысын ұйымдастырады.

Орта буын соттарының аппараттары негізгі буын соттарының аппараттарына ұқсас.

Жоғарғы сот — сот жүйесінің жоғары буыны болып табылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық, шаруашылық және өзге де сот ісін жүргізудің Жоғары сот органы болып табылады. Ол бірінші, кассациялық және қадағалау инстанциясының соты ретінде іс жүргізеді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда жаңа ашылуына байланысты қылмыстық істерді қарайды.

Жоғарғы сот төрағадан, сот алқалары төрағаларынан және тұрақты судьялардан тұрады.

Жоғарғы Соттың органдары:

пленум;

президиум;

қылмыстық, азаматтық, шаруашылық істері бойынша сот алқалары, әскери сот алқасы.

Жоғарғы Соттың пленумы Төраға, соталқаларының төрағалары, Жоғарғы сот судьялары құрамында қызмет етеді.

Ол:

1) соттардың заңдарды және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді қолдану практикасын зерттеу мен жинақтау материалдарын қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсініктеме беретін нормативтік қаулылар қабылдайды;

2) сот статистикасы сараптамасының материалдарын қарайды;

3) Конституцияға сәйкес мемлекетке опасыздық жасағаны туралы Президентке тағылған айыптың негізділігі жөнінде тұжырым береді;

4) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымы бойынша Жоғарғы Сот пленумының хатшыларын, ғылыми-консультативтік кеңестің құрамын сайлайды;

5) Жоғарғы Сот тәртіптік алқасының мүшелерін сайлайды;

6) Жоғарғы Сот президиумының мүшелерін сайлайды;

7) Жоғарғы Сот төралқасының үкімдеріне кассациялық немесе қадағалау шағымдарын қараған кезде қабылданған президиум қаулыларына қадағалау шағымы және наразылығы бойынша қылмыстық істер қарайды;

8) өзіне заңмен берілген өзге де өкілеттіктерді іске асырады.

Жоғарғы Соттың Президиумы төрағадан және тұрақты сегіз судьядан тұрады, оларды жыл сайын Жоғарғы Сот Пленумының мүшелері жасырын дауыс беру арқылы жалпы мүшелердің көпшілік даусымен сайлайды. Мәжіліс кезінде айына бір рет өткізіледі.

Жоғарғы Соттың сот алқалары Жоғарғы Соттың судьяларынан тұрады. Олардың құрамын Жоғарғы Соттың Төрағасы бекітеді. Алқа төрағаларын Республика Жоғарғы Соты Кеңесінің кепілдемесі негізінде Президент ұсынымы бойынша Сенат сайлайды.

Жоғарғы Соттың сот алқалары бірінші инстанция соты ретінде азаматтық, шаруашылық және басқа да аса маңызды немесе өз қалаулары бойынша немесе Бас прокурордың бастамасы бойынша қолға алынған ерекше күрделі істерді қарайды және шешеді. Сонымен қоса, олар мемлекеттің жоғары лауазымды адамдарына қатысты қылмыстық істерді қарайды.

Жоғарғы Соттың сот алқалары бірінші инстанция бойынша шығарылған облыстық және оған теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдері мен шешімдеріне

кассациялық, шағымдар мен наразылықтар бойынша істер қарайды.

Олар қадағалау ретінде облыстық және оған теңестірілген соттардың бірінші инстанция бойынша және апелляция ретінде қаралған істері бойынша қабылданған әрі заңды күшіне енген актілеріне шағымдар мен наразылықтар бойынша, сондай-ақ облыстық және оған теңестірілген соттар президиумдарының қаулыларына қадағалау шағымдары мен наразылықтары бойынша істер қарайды.

Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультативтік кеңес құрылады, ол сот практикасының, Жоғарғы Сот Пленумы нормативтік қаулылары жобасының және өзге де құжаттардың практикасын зерттеу мен жинақтауға байланысты материалдарды дайындауды қамтамасыз етуге арналған кеңесші орган болып есептеледі.

Жоғарғы Соттың өз аппараты бар, ол консультанттарды, инспекторларды, сот алқаларының хатшыларын қамтитын бөлімдерден тұрады.

### СУДЬЯЛАР МӘРТЕБЕСІ

Судьялар Қазақстан Республикасында сот билігін жүзеге асырушылар болып табылады.

Оларға конституциялық тәртіппен сот төрелігін атқару жөнінде кең өкілеттіктер берілген.

Судьялардың қызметі билік өкілеттіктерін іске асырумен байланысты болғандықтан, ол лауазым кандидаттарына жоғары талаптар қойылады. Мәселен, заң бойынша аудандық (қалалық) сотқа тек мыналар ғана судья бола алады:

Қазақстан Республикасының азаматтары;

атына кір келтірмеген, беделді азаматтар;

25 жасқа толғандар;

заңгерлік жоғары білімі барлар;

заңгерлік мамандығы бойынша кемінде 2 жылдық стажы барлар;

біліктілік емтиханын ойдағыдай тапсырғандар және әділет біліктілік алқасының ұсынымын алғандар.

Бұған қоса, мыналар жоғары тұрған соттың судьялары бола алады.

Мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс стажы бар, оның екі жылын, әдеттегідей,

әділет, прокуратура, анықтау және тергеу органдарында судья болып істеген заңгер;

біліктілік емтиханын тапсырған және Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынымын алғандар.

Әскери соттың судьясы, сонымен қатар, әскери қызметкер болуға тиіс.

Жас мөлшері Конституцияға сәйкес белгіленеді және

60 жастан аспауы керек. Ерекше жағдайларда бұл мерзім 5 жылдан аспайтын уақытқа ұзартылуы мүмкін.

Жоғарғы Соттың, сот алқаларының төрағаларын және Жоғары Сот судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша республика Президенті қызметке тағайындайды. Сот учаскелерінің және басқа соттардың төрағаларын, аға судьялары мен судьяларын әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген әділет министрінің ұсынуы бойынша республика Президенті қызметке тағайындайды. Барлық соттардың және сот алқаларының төрағалары 5 жылға сайланады және тағайындалады.

Заң судьялар үшін белгілі бір шектеулер белгілейді. Мәселен, олардың мыналарға құқығы жоқ:

депутат болуға;

ғылыми-оқытушылық немесе өзге де шығармашылық қызметтерді есептемегенде, басқа ақылы қызмет атқаруға;

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

коммерциялық ұйымдардың басшы органының немесе бақылау кеңесінің құрамына енуге;

партия, кәсіптік одақтар мүшесі болуға;

қандай да бір саяси партияны қолдауға немесе оған қарсы шығуға.

Судьяның өкілеттігін тоқтата тұруды, оны қызметтен босатуды және тәртіптік жауапқа тартуды заң толық реттейді. Мұндайда баламалық қарастырылмайды. Осыған орай, әртүрлі оқуға және өзінше түсіндіруге жол бермеу мақсатында, бұл үшін қарастырылған

барлық негіздер барынша айқын дәйектелген. Нормаларды рәсімеудегі мұндай көзқарас судьялардың тәуелсіздік кепілдігін күшейте түседі. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Жарлықтың 46-бабына сәйкес, мына жағдайларда судьялардың өкілеттігі тоқтатыла тұрады:

- 1) қылмыс жасаған жерінде қолға түскен немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылған жағдайда, судьяны күзетпен ұстауға немесе оны қылмыстық жауапқа тартуға немесе тұтқынға алуға келісім берілгенде;
  - 2) судья соттың шешімі бойынша медициналық сыйпаттағы мәжбүрлеу шараларына ұйғарылған немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылғанда;
  - 3) судья сот шешімі бойынша үшті-күйлі жоғалды деп танылғанда;
  - 4) судья депутаттыққа кандидат болып тіркелгенде.
- Судья қызметінен босатылады (Жарлықтың 47-бабы):

- 1) өзқалауы бойынша
- 2) денсаулығына байланысты;
- 3) қызметте болудың ақтық жасына жетуіне байланысты;
- 4) қайтыс болуына байланысты;
- 5) атқаратын қызметіне сәйкес келмеуіне немесе Жоғарғы Сот Кеңесінің немесе Әділет біліктік алқасының Ұйғарымы бойынша судья қызметімен сыйыспайтын кәсіппен айналысқан деп танылғанда;

#### **4 – тақырып. Қазақстан Республикасы сот жүйесінің даму тарихы. Тұлғалық-бағдарлық**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан бастап, біздің елімізде жария құқықтық мемлекетті қалыптастыру қажеттіліктеріне сай, сот билігінің тәуелсіздігіне қажетті ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық және басқа да жағдайларды жасауға негізгі қадамдар жасалды. Қазақстан Республикамыздың Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі сот билігін дамыту мәселелеріне аса маңыз беріп отырғанын атап кетуіміз керек. Осыған орай, Қазақстан Республикасы соттарының IV съезінде мемлекет басшысы «Сот жүйесін дамыту - мемлекеттің негізі басымдықтарының бірі, - деп атап көрсетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп жарияланғаны көпшілікке мәлім. Осы мақсатқа жету жолында республика көлемінде құқық және экономикалық реформалар жүргізілуде. Нарықтық жүйеге сәйкестендіру үшін құқық жүйесін де қайта құруға мәжбүр болдық. Талаптарға сәйкес құқық базасы мен механизмі құрылды. Азаматтық қоғам құруда соттың ролі өте зор. Қазақстан Республикасындағы сот билігінің қалыптасу тарихы өте тереңде жатыр. Оған дәлел ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамының шекесіне қатты батқан отарлық саясаттың зардаптарынан әлеуметтік, рухани және құқықтық дағдарыс қалыптасты. Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігін ұйымдастыру билер соты түрінде болды. Билер соты - сот билігінің қоғамдық-саяси институты, сот шешімдерінің әділеттілігі. Билер сотының тарихы, саяси және құқықтық табиғатын меңгеру кезінде олардың шынайы демократиялық институт болғанына, адам құқықтарына бей-жай қарамағанына көз жеткіземіз. Сондай-ақ, ол - қазақ халқы қол жеткізген көшпенді өркениеттің маңызды мәдени мұрасы. Тәуелсіздік алғалы, біздің елімізде билік күшінің ешбір тармағы сот жүйесі сияқты жаһандық реформаға түскен емес. Тәуелсіздіктің бірінші жылдарынан-ақ бұл реформалардың мақсаты - құқықтық мемлекеттің талаптарына сай келетін және конституция мен заңдарға бағынуды, азаматтардың құқықтарын, еркіндігін және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі бойынша қойылған талаптарды

орындауға қабілетті бола білетін толыққанды сот жүйесін құру. Осылайша, Қазақстан Республикасында жаңа типті сот жүйесін құруға бірегей мүмкіндігі болды, кез-келген мемлекетке тән соттарға толық көлемде құқықты, заңнамада олардың шынайы әлеуметтік ролін бекіту мүмкіндігі болды. 1994 жылы сот жүйесінің даму алғышарттарын анықтайтын құқықтық реформа бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат сот жүйесінің даму алғышарттарын анықтап, биліктің нағыз заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі тармақтары бойынша бөлінуін қамтамасыз етуге, оларды ұстаным мен қарсы салмақты жүйені қолданумен жұмыс жасауға итермеледі. Ғылыми негізделген өнім ретінде қарастырылып отырған бағдарлама қоғам мен мемлекетте айтарлықтай із қалдырды. Қазақстан Республикасында құқықтық реформа туралы мемлекеттік бағдарламаның орындалуының ең басты көрсеткіші 1995 жылдың 30 тамызында жалпы республикалық референдум бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылдануы десек болады, аталған Конституцияның VII тарауы соттар мен сот төрелігіне арналған. Сот жүйесінің тиімділігін арттыру үдерісіндегі келтірілген кемшіліктер, ол қылықтар Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі құқықтық саясат Тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында жойылады деп айтылған. Алайда барлық конституциялық ережелер қолданыстағы заңнамада көрініс тапты дей алмаймыз. Соттық-құқықтық реформаның негізгі нәтижелері мынадай болды: -мамандандырылған соттарды құру: қазір еліміздің барлық аймақтарында ауданаралық мамандандырылған соттар ғана емес, сонымен бірге мамандандырылған әкімшілік және қылмыстық соттар, екі аймақта ювеналды соттар жұмыс істейді; -алқабилер отырысының соты енгізілді, ол 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап толық құқықты негізде жұмыс істеп жатыр; -қамауды санкциялау тек қана сотпен жүргізіледі: қамауды сотпен санкциялауды енгізу арқылы заңнама мен заң іс-тәжірибесі 2005 жылы енгізілді; -медиация институты енгізілді: медиация туралы заңды қабылдау Қазақстандық құқықтық жүйе үшін айтарлықтай алға басқан қадам болды, ол мемлекеттің шынымен азаматтық қоғам институтын дамытуға және құқықтық мемлекет негіздерін қалыптастыруға ықпал ететіндігін көрсетеді; -соттар қызметінің транспаренттілік қағидасы жан-жақты жүзеге асырылуда: әділсотты жүргізу бойынша республика соттарының қызметі туралы тез әрі сапалы ақпарат алудағы азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, Жоғары Сот электрондық құжат айналымының жүйесін әзірлеп, енгізді. Оған қоса нақты позитивті өзгерістерге ұшыраған сот билігі мен сот өндірісінің ұйымдастыру негіздерін жүзеге асыруға қатысты қабылданған шараларға қарамастан сот реформасы құрылып, сот билігін қалыптастыруға қатысты барлық мәселелері шешілді деп айту әлі ерте. 2010-2020 жж арналған Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясат Тұжырымдамасын қабылдау мұның дәлелі, оның құрамдас бөлігі сабақтастық пен кезең-кезеңділік негізінде сот-құқықтық жүйесін дамытуды көздейтін ереже болып табылады. Қазақстанның Республикасының Президенті қазіргі заманғы осы аталған сын-қатерлерге жауап ретінде дамудың 2050 жылға дейінгі кезеңіне арналған Стратегиясын да қабылдады. Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот жүйесінің реформасы жалғасады, біз бұл жолды сынамалар мен қателер әдісін қолданамыз, себебі демократиялық қатынастағы дамыған мемлекеттердегі сот жүйесін көзсіз көшіру мүмкін емес. Ең алдымен, оның дамуының негізгі векторы сот пен сот төрешілерін мамандандыру болып табылады, оған қоса ювеналды соттың дамуы, қылмыстық қарастыру бойынша мамандандырылған сот жүйесін құру, салықтық және басқа да мамандандырылған сотты

қалыптастыру. Бірақ Қазақстан Республикасындағы ювеналды әділет, енді-енді белсенді даму фазасына енуде, оған байланысты оның даму бағдарламасын дайындау қажет болып табылады. Өзінің пайда болған уақытының қысқалығына қарамастан, ювеналдық әділет көптеген елдерде танымал және мойындалды. Сот билігі саласындағы жүргізілген құқықтық реформалар оның сот билігі механизмін жетілдіруге ықпал ететіні туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сол себепті, өз деңгейінде жүзеге асырылмай жатқан ювеналды әділет жүйесінің дамуындағы тек әлеуметтік қызметкерлер институты сияқты ең маңызды бағыт қана емес, Ювеналды прокуратура, ювеналды полиция, ювеналды адвокатура, мамандандырылған қылмыстық-атқарушылық инспекциясының пробация қызметі, органдарды үйлестіретін ювеналды әділет саласындағы кадрлар дайындау жүйесі сияқты ювеналды әділет құрылымының кезек күттірмейтін атрибуттарын құрған жөн. Сот жүйесін дамытудың перспективалары сотқа дейін сот өндірісіндегі бақылау аясын деңгейі бойынша кеңейту мүмкіндіктеріне байланысты. Аралық және арбитражды сот жүйелері дами бастайды. Қазіргі таңда саяси және экономикалық жүйе қалыптасуда. Қазіргі таңда меншіктің әртүрлі формалары қалыптасты, кәсіпкерліктің саналуан түрлері жүзеге асырылуда, бағалар мен сыртқы сауда либерализациялануда, банк жүйесі өзінің қызметтерін кеңейтуде, кәсіпкерлерге экономикалық қызмет бостандығы берілген, мемлекет пен бизнес қатынасының жақындығы заңмен реттеліп отырады. Республикада мемлекетіміздің болашағын жақсарту негіздерін қалыптастыратын кәсіпкерлік кластар пайда болуда, жыл сайын шетелдік инвестициялар ағымы кеңеюде. Нәтижесінде, макроэкономикалық тұрақтылық пайда болды. Демек, Қазақстанның өзіндік ұлттық нарықтық экономикасы бар және әлемдік экономикалық жүйенің интеграциялық процестер шегіне енген болатын. Саяси қайта өрлеу, экономиканың даму ырғағы сот жүйесіндегі бара-бар өзгерістерді талап етеді, ол да ұйымдастырушылық және құқықтық негізін қалыптастыра отырып динамикалық түрде дамуда. Нарықтық қатынастардың белсенді дамуы, азаматтар мен шаруашылық субъектілердің іскерлік белсенділігінің ұлғаюының нәтижесінде құқықтар мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік шараларды қабылдау қажеттілігі туды. Осыған байланысты Қазақстандағы аралық сот қатынасы, яғни осы сот шешімдерінің орындалу мәселелерін қарастыру қажет. Демек, осы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстандағы арбитраждың даму перспективалары сәтті жүзеге асырылады. Біздің пікірімізше, қазіргі уақытта барлық аймақтарда тұрақты қолданыстағы аралық соттар құру және оларға мемлекеттік демеу жасауды қамтамасыз ету қажет деп есептейміз. Қазіргі таңдағы сот құқықтық реформаның маңызды перспективалардың бірі ол медиация институтының дамуы. Соңғы он жылдықта медиацияны қолдану көлемінің ұлғаюы байқалуда. Келесі он жылдықта сотқа дейінгі міндетті реттеу формасындағы жаңа құралдар интеграциясын дамыту белгіленген. Медиация юриспруденцияның бір бөлігі болып табылады және келіспеуші субъектілерге тиімді және қанағаттанарлық шешімге жетуге көмектеседі. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңымен қабылданған медиация жүйесі істерді сотқа дейін қарауды жетілдіру механизміне ықпал етіп, соттардың іс қараудағы қызметін айтарлықтай жеңілдетеді. Сонымен бірге, медиация ролі мен маңызын күшейту мақсатында ұсынылады: медиацияның тұрақты курстарын енгізу керек, яғни заң факультетінің бітірушілері медиация курсынан өту қажет; қылмыстық іс жүргізу заңнамасында бітімгершілікті жүргізу тәртібін регламенттейтін арнайы тарау болуы керек; медиациялық процедура басқа процессуалды іс-әрекеттен бөлініп шығуы керек. Осыған орай, дауларды шешудің балаламалы әдісі - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2014 жылдың сәуір айындағы өкімімен судьяның қатысуымен өтетін бітімгершілік рәсімді (сот медиациясы) азаматтық сот өндірісіне енгізудің пилоттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жаңа енгізілім Азаматтық-іс жүргізу кодексінің жаңа жобасында қарастырылған. Қорыта келе, сот-құқықтық реформаның ағымдағы деңгейінде көрсетілген шаралар, сөзсіз, сот беделінің сот билік органы ретінде

көтерілуіне мүмкіндік берді. Азаматтардың сот жүйесіне деген сенім деңгейінің ұлғаюы, сот мәртебесінің бекітілуі, сот төрелігінің қолжетімділігі. Берілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында кәсіби деңгейде жұмыс жасау қажет. Қазіргі күннің міндеті соңғы жылдағы сот реформасының жетістіктерін және оның алға жылжуын бекіту болып табылады.

## **5-тақырып. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі.**

**Түйінді сөздер:** Жоғарғы сот кеңесі, ЖСК өкілеттіктері, Біліктілік комиссиясы.

### **Негізгі сұрақтар:**

1. ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің түсінігі және өкілеттіктері
2. Біліктілік комиссиясы және оның өкілеттігі

### **Дәріс тезистері:**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 21 қарашадағы № 696 Жарлығымен құрылды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі (бұдан әрі - ЖСК) – соттарды қалыптастыру, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктері жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық өкілеттіктерін қамтамасыз ету мақсатында заңды тұлға құрмастан құрылатын мекеме.

ЖСК-нің мынадай өкілеттіктері болады:

- 1) судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз етеді;
- 2) конкурстық негізде жергілікті және басқа сот судьясының бос орнына кандидатты іріктеуді жүзеге асырады;  
конкурстың қорытындылары бойынша жергілікті және басқа сот судьясының бос орнына тағайындау үшін кандидатты Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;
- 3) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жергілікті және басқа соттар төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос орнына кандидатураны қарайды;  
жергілікті және басқа соттар төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос орнына қызметке тағайындау үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;
- 4) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот судьясының бос орнына кандидатураны қарайды;  
Жоғарғы Сот судьясының бос орнына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;
- 5) Жоғарғы Сот Төрағасының бос орнына кандидатураны қарайды;  
Жоғарғы Сот Төрағасының бос орнына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;
- 6) Жоғарғы Сот Төрағасының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының, жергілікті және басқа соттар төрағаларының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін орнынан түсу, орнынан түсуді тоқтату нысанында қарайды;

сот таратылған немесе тиісті сот судьяларының жалпы саны қысқартылған жағдайда, егер олар басқа соттағы судьяның бос орнына орналасуға келісім бермесе, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын атқаратын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды;

Жоғарғы Сот судьяларының жалпы саны қысқартылған жағдайда, егер олар басқа

соттағы судьяның бос орнына орналасуға келісім бермесе, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағалары мен судьяларын атқаратын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды;

тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін, кәсіби жарамсыздығына орай немесе "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының талаптарын орындамағаны үшін Судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының немесе Сот жюриінің шешімдеріне негізделген Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқалары төрағалары мен судьяларын атқаратын қызметтерінен босатуға ұсыным беру жөніндегі мәселені қарайды;

Қазақстан Республикасының Президентіне жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқалары төрағалары мен судьяларын, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын қызметтерінен босатуды ұсынады;

Парламент Сенатына Жоғарғы Сот Төрағасы мен судьяларын қызметтерінен босату туралы ұсыныс енгізу үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынымдар енгізеді;

судьяның шекті жасқа толуына байланысты оның судья қызметінде болуын бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының келісім беруі туралы мәселені қарайды;

7) судья болып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдауды ұйымдастырады;

8) судьяны тұтқынға алуға келісім беру, оны күштеп алып келу, оған сот тәртібімен салынатын әкімшілік жазаны қолдану, судьяны қылмыстық жауапқа тарту мәселесін шешу үшін Қазақстан Республикасының Президентіне қорытынды ұсынады;

9) сот жүйесі мен заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдайды және оны Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді, судья корпусының сапалы құрамын, кадрларды даярлау жүйесін жақсарту, судьялардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдайды;

10) Кеңес регламентін бекітеді;

11) судья қызметіне орналасу үшін біліктілік емтихандарынтапсырған адамдардың есебін жүргізеді;

12) осы Заңнан және Кеңестің регламентінен туындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЖСК Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төрағадан, хатшыдан және басқа мүшелерден тұрады.

Кеңес Төрағасының, хатшысының және мүшесінің лауазымы коммерциялық ұйымның басшы органының және байқаушы кеңесінің құрамына кірумен, саяси партиялардың басшылық қызметінде болуымен сыйыспайды.

ЖСК отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізіледі. Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда Кеңестің отырысы заңды болып есептеледі

ЖСК қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімімен жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының Жоғары Соты Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының талаптарына сәйкес ЖСК жанынан Біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылған.

Судьялыққа кандидаттардың білім деңгейін айқындау үшін олардан біліктілік емтиханын қабылдауды Комиссия жүзеге асырады.

Комиссияның құрамына:

1) Кеңес тағайындайтын Комиссия төрағасы және құқық оқытушыларының, заңгер-ғалымдардың арасынан бес маман;

2) Сот жюриі өз құрамынан ротациялық негізде жіберетін үш судья кіреді.

Комиссия төрағасы және мүшелері оның құрамына екі жыл мерзімге тағайындалады немесе жіберіледі.

Комиссия біліктілік емтихандарын қабылдау жөніндегі өзінің отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізеді.

Егер отырыстарына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, отырыстар заңды деп есептеледі.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің түсінігі және өкілеттіктері
2. Біліктілік комиссиясы және оның өкілеттігі

## **6 – тақырып. Сот қызметін ұйымдастыру мен сот қызметінің қағидалары**

Түйінді сөздер: сот қызметін ұйымдастыру қағидалары, сот қызметінің қағидалары, судьялардың ауыстырылмайтындығы, судьяның тәуелсіздігі, судьяларға ешкімнің тиіспеуі.

Негізгі сұрақтар:

1. ҚР сот қызметін ұйымдастыру және сот қызметі қағидалары
2. Сот әділдігі қағидалары

Дәріс тезистері:

Судьялардың ауыстырылмайтындығы қағидасы. Судьялар қызметке Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес сайланады немесе тағайындалады және тұрақты негізде өкілеттіктерге ие болады. Судьяның өкілеттігі тек қана осы Конституциялық заңда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

Судьяның тәуелсіздігі қағидасы. Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқа заседателіне қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заңмен қудаланады. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуге тиіс. Соттарды қаржыландыру, судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тұрғын үй беру сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

Судья тәуелсіздігінің кепілдіктері. Судьяның тәуелсіздігі:

- 1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;
- 2) судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сыйламағандық үшін заңда жауаптылық белгілеумен;
- 3) судьяға ешкімнің тиіспеуімен;



4) Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген судьяны қызметке сайлау, тағайындау, судьяның өкілеттігін тоқтату және тоқтата тұру тәртібімен, судьяның орнынан түсу құқығымен;

5) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ оны нашарлатуға тыйым салу арқылы қамтамасыз етіледі.

Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады.

Егер судьядан тиісті өтініш түссе, ішкі істер органдары судья мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге уақтылы және түпкілікті шаралар қабылдауға міндетті.

Судьяға және оның мүлкіне кәсіптік қызметіне байланысты келтірілген зиян республикалық бюджеттің қаражаты есебінен өтеледі.

Судьяларға ешкімнің тиіспеуі қағидасы. Судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз оны қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Судьяға тиіспеушілік оның жеке басына, меншігіне, ол тұратын тұрғын үй және қызметтік үй-жайларға, ол пайдаланатын жеке және қызметтік көлік құралдарына, оған тиесілі құжаттарға, багажына және өзге де мүліктеріне тиіспеушілікті қамтиды. Судьяға қатысты қылмыстық істі Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ғана қозғай алады. Судьяға қатысты арнайы жедел-іздістіру іс-шаралары прокурордың санкциясымен ғана жүргізілуі мүмкін. Судьяға Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен куәлік беріледі.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ҚР сот қызметін ұйымдастыру және сот қызметі қағидалары
2. Судьяның тәуелсіздігі қағидасы
3. Судьяларға ешкімнің тиіспеуі қағидасы
4. Кінәсіздік презумпциясы
5. Сот әділдігін тек соттың жүзеге асыруы қағидасы

## **7 – тақырып. Судьяның құқықтық жағдайы**

**Түйінді сөздер:** судья мәртебесі, судья өкілеттіктері, судьяның өкілеттіктерін тоқтата тұру, судьяның өкілеттіктерін тоқтату, судьяны қызметінен босату.

### **Негізгі сұрақтар:**

1. Судья мәртебесі
2. Судьяға қойылатын талаптар
3. Судьяға өкілеттіктер беру тәртібі
4. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру негіздері мен тәртібі
5. Судьяның өкілеттігін тоқтату негіздері
6. Судьяны қызметінен босату тәртібі
7. Судьяның орнынан түсуінің негіздері
8. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері

## 9. Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі кепілдіктері

### Дәріс тезистері:

Судья мәртебесі. Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен судьяға сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер беріледі, ол өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды және сот билігін жүргізуші болып табылады. Судьялардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және өзге де заңдармен белгіленеді. Судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды. Судьяны қылмысқа қарсы күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізуге болмайды.

Судьяға қойылатын талаптар. Судья:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, судьяның антына адал болуға;

2) сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдеби талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға;

3) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға;

4) судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.

Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайды.

Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар. Аудандық соттың судьясы болып: жиырма бес жасқа толған;

жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар;

Әділет біліктілік алқасында немесе мамандандырылған магистратурада біліктілік емтиханын тапсырған;

медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған;

сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.

Жоғарыда аталған талаптарға сай келетін, заң мамандығы бойынша кемінде он жыл жұмыс стажы бар, оның ішінде, әдетте, кемінде бес жыл судья болған азамат облыстық соттың судьясы бола алады.

Жоғарыда аталған талаптарға сай келетін, заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл жұмыс стажы бар, оның ішінде, әдетте, кемінде он жыл судья болған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады.

Судьялыққа кандидаттың тағылымдамадан өту шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережеде айқындалады.

Судья лауазымына кандидатты медициналық куәландыру. Судья лауазымына кандидаттың судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растау үшін оған медициналық куәландыру жүргізіледі. Судьяның кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін аурулардың тізбесі жергілікті соттарды ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

Судьяға өкілеттіктер беру тәртібі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Сенат сайлайды.

Облыстық соттың судьясын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Аудандық соттың судьясын Әділет министрінің Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы мен осы соттың алқаларының төрағаларын Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша тиісті қызметтерге бес жыл мерзімге Сенат сайлайды.

Облыстық соттардың төрағалары мен алқаларының төрағаларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.

Аудандық соттардың төрағаларын Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы мен алқаларының төрағалары, облыстық соттың төрағасы мен алқаларының төрағалары, аудандық соттың төрағасы өкілеттік мерзімдері аяқталғаннан кейін, егер олар бұрынғы қызметтеріне немесе басқа соттағы осындай қызметке тиісінше қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған болса, тиісті соттың судьясы өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос орны болмаған жағдайда осындай лауазымға қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған төраға мен алқа төрағасы олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

Сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде осы соттың судьялары олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына тағайындауға конкурстық ұсынылуы мүмкін.

Судьяның ант беруі. Судья лауазымына алғаш рет сайланған немесе тағайындалған адам мынадай мазмұнда ант береді: "Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін".

Жоғарғы Соттың Төрағасы, Жоғарғы Сот алқаларының төрағалары мен судьялары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының отырысында ант береді. Облыстық соттардың төрағалары Жоғарғы Соттың жалпы отырысында ант береді. Облыстық соттар алқаларының төрағалары мен судьялары, аудандық соттардың төрағалары мен судьялары тиісті облыстық соттардың жалпы отырысында ант береді.

Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру.

Судьяның өкілеттігі, егер:

- 1) судья Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелсе;
- 2) судья заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кеткен деп танылса;
- 3) судьяны қылмыстық жауапқа тартуға келісім берілсе;

4) «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 34-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтату қажеттігі туралы судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының шешімі болса;

5) басқа жұмысқа ауысса, тоқтатыла тұрады.

Судьяның өкілеттігін тоқтата тұруды:

Жоғарғы Соттың Төрағасына қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;

Республиканың қалған барлық судьяларына қатысты - Жоғарғы Сот Төрағасы жүзеге асырады. Егер судьяның өкілеттігін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жай жойылса, судьяның өкілеттігі қалпына келтіріледі.

Судьяны қызметтен босату және оның өкілеттігін тоқтату.

Судьяның өкілеттігі мынадай негіздерде:

- 1) судья орнынан түскенде;
- 2) судья өз тілегі бойынша қызметінен босағанда;
- 3) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы бойынша;
- 4) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 5) осы судьяға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;
- 7) судья қайтыс болған немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 8) судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және ол басқа жұмысқа ауысқан жағдайда;
- 9) соттың таратылуына немесе өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, егер судья басқа соттағы бос қызмет орнына орналасуға келісімін бермесе;
- 10) Сот жюриінің қорытындысы бойынша;
- 11) зейнеткерлік жасқа толғанда тоқтатылады.

Судьяның өкілеттігі судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының судьяны тәртіптік теріс қылықтар жасағаны немесе «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін қызметінен босату қажеттігі туралы шешіміне байланысты тоқтатылуы мүмкін.

Сот төрағасының не алқа төрағасының өкілеттіктері олар «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 9, 14, 15, 20, 21 және 28-баптарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Судьяны қызметтен босату туралы шешім:

1) Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқа төрағалары мен судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

2) облыстық соттың төрағасы, алқа төрағалары мен судьялары, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

Судьяны қызметінен босату сонымен бір мезгілде тиісті соттың төрағасы немесе алқа төрағасы өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

Тиісті соттың төрағасын немесе алқа төрағасын өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты қызметтен босату оларды осы соттың судьясы қызметінен босатуға әкеп соқпайды.

«Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 34-бабының 1-тармағының 3)-7), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда, судьялық қызметтен босатуға және судьяның өкілеттігін тоқтатуға Жоғары Сот Кеңесінің немесе Әділет біліктілік алқасының ұсыныстары талап етілмейді.

Судьяның орнынан түсуі. Еңбек жолы мінсіз және кемінде он бес жыл судьялық жұмыс стажы бар судьяның өзінің судья атағын, судьялар қоғамдастығында болуын, жеке басына тиіспеушілік кепілдігін және осы Конституциялық заңда көзделген өзге де материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін сақтай отырып, судьялық өкілеттіктерін тоқтатуының ерекше нысаны орнынан түсу деп танылады.

Судьяны орнынан түсу нысанында қызметінен босату «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 1-1), 2), 8) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Судья орнынан түскен кезде судьялық жұмыс стажы жиырма және одан да көп жыл болса, жиырма төрт айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде, судьялық жұмыс стажы он бестен жиырма жылға дейін болса, он сегіз айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде оның соңғы лауазымы бойынша біржолғы шығу жәрдемақысы төленеді.

Судьяның орнынан түсуі:

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіргенде, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін қызметке тұрғанда;

ол қылмыс жасағанда немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасағанда;

өз тілегі бойынша;

Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;

ол қайтыс болғанда немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде тоқтатылады.

Судья орнынан түсуі тоқтатылған жағдайда жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен және «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 51, 53 және 55-баптарында көзделген кепілдіктерден айырылады.

Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру. Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады. Судья үшін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен қосымша міндетті зейнетақы жарналары белгіленеді. Судья теріс себептер бойынша қызметінен босатылған кезде аталған жарналар республикалық бюджетке алынады.

Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері.

Судья:

1) сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін;

2) судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасағаны үшін;

3) еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сот төрағалары және сот алқаларының төрағалары осы Конституциялық заңда көзделген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Сот актісінің күшін жою немесе өзгерту, егер бұл орайда заңды өрескел бұзуға жол берілмеген және ол туралы жоғары тұрған сот орнының сот актісінде көрсетілмеген болса, өздігінен судьялардың жауаптылығына әкеп соқпайды.

Судьяларға тәртіптік жазаның мына түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
  - 2) сөгіс;
  - 3) біліктілік сыныбын төмендету;
  - 4) қызметтік міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін сот төрағасы немесе сот алқасының төрағасы қызметінен босату;
  - 5) осы Конституциялық заңда көзделген негіздер бойынша судья қызметінен босату.
- Әрбір тәртіп бұзушылық үшін тәртіптік теріс қылықтың сипаты, судьяның жеке басы туралы деректер және оның кінәсінің дәрежесі ескеріле отырып, тек бір тәртіптік жаза қолданылады. Тәртіптік іс қозғау құқығы:

- 1) Республиканың кез келген судьясына қатысты - Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасына;
- 2) облыстық соттың судьясына, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты - облыстық тәртіптік-біліктілік алқаларына тиесілі болады.

Тәртіптік іс қозғау және қарау мерзімдері. Судьяға қатысты тәртіптік іс қарау, қызметтік тексеру мен судьяның дәлелді себептермен жұмыста болмаған уақытын есепке алмағанда, теріс қылық анықталған күннен бастап - үш айдан кешіктірілмей және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қозғалуы мүмкін.

Жоғарғы тұрған сот инстанциясының заңдылықтың бұзылу фактісі анықталған сот актісі заңды күшіне енгізілген күн судьяның сот ісін қарау кезінде заңдылықты бұзуына байланысты тәртіптік теріс қылықтың анықталған күні болып есептеледі, ал заңсыз сот актісі шығарылған күн осындай теріс қылықтың жасалған күні болып есептеледі. Тәртіптік іс қозғалған күнінен бастап екі ай мерзім ішінде қаралуға тиіс.

Тәртіптік істерді қарау жөніндегі органдар

Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасы Жоғарғы Соттың алқа төрағалары мен судьяларына, облыстық соттардың төрағалары мен алқа төрағаларына қатысты тәртіптік іс қозғау туралы мәселені, тәртіптік істерді, сондай-ақ облыстық тәртіптік-біліктілік алқаларының шешімдеріне қатысты шағымдарды қарайды.

Облыстық тәртіптік-біліктілік алқалары облыстық соттардың судьяларына, сондай-ақ аудандық соттардың төрағалары мен судьяларына қатысты тәртіптік іс қозғау туралы мәселені, тәртіптік істерді қарайды.

Тәртіптік істерді қарау тәртібі және тәртіптік алқалардың қызметі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережемен регламенттеледі.

Тәртіптік істер бойынша қабылданатын шешімдер. Тәртіптік іс жөніндегі тәртіптік-біліктілік алқа:

- 1) «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 40-бабының 1-тармағында көзделген тәртіптік жаза қолдану туралы;
- 2) тәртіптік іс жүргізуді қысқарту туралы;
- 3) төменгі тұрған тәртіптік-біліктілік алқаның шешімін өзгерту не оның күшін жою және істі жаңадан қарауға жіберу туралы не шешімді өзгеріссіз қалдыру туралы шешімдердің бірін шығарады.

Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі. Егер судья жаза қолданылған күннен бастап бір жыл бойы жаңадан тәртіптік жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазаға тартылмаған деп есептеледі. Судья мінсіз тәртібімен өз міндеттерін адал атқарған жағдайда, тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін мерзімінен бұрын алынуы мүмкін. Тәртіптік жазаны берген тәртіптік-біліктілік алқасы оны мерзімінен бұрын алуы

мүмкін.

Тәртіптік-біліктілік алқаларының шешімдеріне шағымдану. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқасының шешіміне өзіне қатысты шешім шығарылған судья, сондай-ақ тәртіптік іс қозғаған тұлға Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасына шағымдануы мүмкін. Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Судьяларды материалдық қамтамасыз ету. Судьяларды материалдық қамтамасыз ету оның мәртебесіне сай болуға және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс және оны азайтуға болмайды. Судьялардың еңбегіне ақы төлеуді Конституцияның 44-бабының 9) тармақшасына сәйкес судьяның мәртебесін, оны тағайындау және сайлау тәртібін, сондай-ақ ол жүзеге асыратын функцияларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Судьялардың біліктілік сыныптары. Судьяларға атқарып жүрген қызметіне, кәсіби даярлығының деңгейіне, еңбек сіңірген жылдарына және өзге де мән-жайларға байланысты біліктілік сыныптары беріледі. Судьяларға біліктілік сыныптарын беру мен олардан айыру тәртібі осы Конституциялық заңмен және Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережемен белгіленеді.

Судьялардың жыл сайынғы демалыстары. Судьяларға сауығуы үшін лауазымдық екі айлық мөлшерінде жәрдемақы төлене отырып, күнтізбелік отыз күнге жыл сайынғы демалыс беріледі.

Ауысқан кездегі өтемақы. Қызметі бойынша Қазақстанның бір аймағынан екінші аймағына ауысқан судьяларға және олардың отбасы мүшелеріне көшуге байланысты шығыстары шыққан шығынының көлемінде төленеді.

Тұрғын үй жеңілдіктері. Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет есебінен жүргізіледі. Судьяға және оның отбасы мүшелеріне кезектен тыс, бірақ қызметіне кіріскен күнінен бастап алты айдан кешіктірілмей, нақты жер жағдайына қарай, мемлекеттік тұрғын үй қорынан, судьяны тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж азаматтардың санатына жатқызбайтын нормалар бойынша тұрмысқа жайлы тұрғын үй беріледі. Лауазымында он жылдан астам уақыт жұмыс істеген судьялардың тұрақты тұруға арналған қызметтік тұрғын үйі оның қалауы бойынша қалдық құны бойынша сатып алынуы мүмкін. Судья қызметінен босатылғанда оны және отбасы мүшелерін басқа тұрғын үй бермей тұрып қызметтік тұрғын үйден шығаруға болмайды.

Судьяларды мантиямен қамтамасыз ету. Барлық соттардың судьялары республикалық бюджет қаражаты есебінен судьялық мантиямен қамтамасыз етіледі.

Судьяларға медициналық қызмет көрсету. Судьялар және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсетумен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі. Судьяларға медициналық қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Судья мерткікен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайдағы өтемақы. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде мерткіксе (жарақаттанса, жараланса, контузия алса, кәсіби ауруға шалдықса), оған осы бапта белгіленген мөлшерде біржолғы өтемақы төленеді. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда не қызметтік міндеттерін атқару кезінде мерткігу (жарақаттану, жаралану, контузия алу, кәсіби ауруға шалдығу) салдарынан судья өкілеттігін тоқтатқаннан кейін бір жылдың ішінде оны алуға құқығы бар адамдарға соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық лауазымдық айлықақысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Судьяның қызметтік міндеттерін атқару кезінде мерткігуінің (жарақаттануының,

жаралануының, контузия алуының, кәсіби ауруға шалдығуының) нәтижесінде мүгедек болғаны белгіленген жағдайда, оған:

- 1) I топтағы мүгедекке - отыз айлық лауазымдық айлықақы;
- 2) II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық лауазымдық айлықақы;
- 3) III топтағы мүгедекке - алты айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектік белгілеуге әкеп соқтырмаған ауыр мерткікен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) жағдайда оған бір жарым айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде, жеңіл мерткікен жағдайда - жарты айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді. Біржолғы өтемақы төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Егер судьяның қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес жағдайларда мерткікені (жарақаттанғаны, жараланғаны, контузия алғаны, кәсіби ауруға шалдыққаны) немесе қаза тапқаны (қайтыс болғаны) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді. Жерлеуге жұмсалатын шығыстардың өтемақысы. Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін судья қайтыс болған сәттегі тиісті лауазымы бойынша судьяның үш айлық жалақысы мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі кепілдіктерден айыру. Судья өзінің қылмыс жасауына немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасауына, сот әдебі талаптарын сақтамауына және осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген өзге де талаптарды орындамауына байланысты судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының шешімі бойынша оның өкілеттіктері тоқтатылған кезде, сондай-ақ кәсіби жарамсыздығына байланысты Сот жюриінің қорытындысы бойынша:

- 1) орнынан түсу құқығынан және жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен
- 2) «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 51, 53, 54 және 55-баптарында көзделген барлық материалдық және әлеуметтік кепілдіктерден айырылады.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Судья мәртебесінің түсінігі
2. Судьяға қойылатын талаптар
3. Судьяға өкілеттіктер беру тәртібі
4. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру негіздері мен тәртібі
5. Судьяның өкілеттігін тоқтату негіздері
6. Судьяны қызметінен босату тәртібі
7. Судьяның орнынан түсуінің негіздері
8. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері
9. Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі кепілдіктері

## **8 – тақырып. Судья мәртебесі. Судьялардың ауыстырылмайтындығы. Судьяның тәуелсіздігі. Судья тәуелсіздігінің кепілдіктері**

Конституция мен соттар туралы Конституциялық Заңда сот билігін іске асырудың негізгі және маңызды нысаны сот төрелігін жүзеге асыру болып табылатыны айқындалған. Ғылыми әдебиетте сот төрелігі ұғымы оның түрлі қырларында ашылады. Авторлардың көпшілігі сот төрелігін сот отырыстарында іс жүргізу тәртібімен жасалатын



арнайы мемлекеттік органдардың материалдық нормаларын қолдана отырып, азаматтық, қылмыстық және өзге істерді қарау және шешу жөніндегі қызметі ретінде айқындайды. Осы анықтама, сондай-ақ ҚР Конституциясының 75 және 78-баптары мен соттар туралы Конституциялық Заңның нормаларын талдау сот төрелігінің мәнін, мазмұнын және мағынасын ашатын негізгі спецификалық белгілерін бөлуге мүмкіндік береді. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Сот төрелігін мемлекеттің атынан арнайы мемлекеттік орган – сот жүзеге асырады. Соттардың толық тізбесі ҚР Конституциясында және сот жүйесі туралы Конституциялық заңда айқындалған. Соттардың мәртебесінің өзгешелігі олардың ұйымдастырылуының ерекшелігіне байланысты;

2. Сот төрелігі іс жүргізу заңнамасында(ҚІЖК, АІЖК) белгіленген тәртіппен қылмыстық, азаматтық және өзге істерді қарау (істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында дәлелдемелерді зерттеу арқылы) және шешу (қаулыларды, үкімдерді және басқа да сот актілерін шығару арқылы) арқылы жүзеге асырылады;

3. Істер және қорғау тараптарының, сондай-ақ дәлелдемелерді зерттеуге белсенді қатысу құқығы берілген процестің басқа да қатысушыларының міндетті қатысуымен сот отырыстары нысаныда қаралады. Бұл ретте сот қорғау немесе айыптау жағына шықпайды. Ол сот отырысында қаралған дәлелдемелерді зерттеуге және бағалауға әрі заңның талаптарына сай келетін шешім шығаруға тиіс;

4. Соттың үкімдері, қаулылары, ұйғарымдары және шешімдері олар заңды күшіне енген сәттен бастап заң күшіне ие болады, сондықтан да республиканың барлық аумағындағы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Заңды күшіне енген сот актісін орындаудан жалтару заңнамада белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады. Сот актілерін тек жоғары тұрған соттар және тек іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен өзгертуі немесе күшін жоюы мүмкін.

5. Сот төрелігі Конституцияда, сот жүйесі туралы Конституциялық заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде бекітілген идеяларды басшылыққа алатын, сот төрелігін және өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде сот қызметін ұйымдастыру мен тәртібінің мәнін және мазмұнын айқындайтын негізгі ережелерден тұрады.

ҚР Конституциясының 75-бабында және “ҚР сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы” 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңның 1-бабында аталғандай, “Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Сот төрелігіне нақты адамды қылмыс жасауға кінәлі деп тану және оған жазалау, не заңда белгіленген әсер ету шарасын тағайындауда, сондай-ақ заңсыз және негізсіз жауапкершілікке тартылғандарды ақтау кезінде шешуші сөз оған тиесілі.

Сот төрелігі – адам мен азаматтың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың аса маңызды құқықтары мен заңды жүзеге асыруға тікелей қатысы бар құқық қорғау қызметінің функциясы.

Оның міндеттеріне басқа да құқық қорғау функцияларын да орындау бағындырылған. Мысалы, қылмыстық іс бойынша сот төрелігі, егер осы іс алдын ала құзыретті органдар жан-жақты және толық тергемесе, егер олар барлық қажетті дәлелдемелерді анықтамасы және т.б. заңды, негізді және әділ жүзеге асырылмаған болар еді. Сондықтан, сот төрелігі – құқық қорғау қызметінің тұтастай алғанда жүрегі.

Процесте немесе сот төрелігін атқару қорытындысы бойынша қабылданатын, заң

әдебиеттерінде сот төрелігі актілері деп аталатын сот шешімдері(қылмыстық істер бойынша үкімдер, азаматтық істер бойынша шешімдер) заңнамаға сәйкес ерекше сипаттар беріледі. Олардың бірі – жалпыға міндеттілік. Ол, атап айтқанда, заңды күшіне енген үкім, ұйғарым немесе істі қараған кезде сот шығарған қаулының барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар, лауазымды адамдар мен азаматар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының барлық аумағында орындауға жататындығын білдіреді. Сот шешімін орындамау немесе орындауға кедергі келтіру осыған кінәлі адамдарға қатысты түрлі тектегі санкцияларды қолдануға әкеледі. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісіно рындамау айыппұл салуға не қоғамдық жұмыстарға тартуға, не қамауға алуға әкеп соқтырды.

Сот төрелігінің басқа да айырмашылық белгісі, мемлекеттік қызметтің осы түрі заңда егжей-тегжейлі регламенттелетін қатаң тәртіпті мақтау арқылы жүзеге асырылады. Айырмашылық белгілерге, ең соңында, тек ерекше орган – сот(судья) жүзеге асыратын жатады. “Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салынады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы”,- деп “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” ҚР Конституциялық заңында белгіленген.

Аталған айырмашылық белгілерді ескере отырып, сот төрелігін соттың сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігін, әділдігін және жалпыға міндеттілігін қамтамасыз ететін заңның талаптары мен онымен белгіленген тәртібін бұлжытпай сақтау кезінде азаматтық, қылмыстық және өзге де заңмен белгіленген сот ісін жүргізу нысандарын қарау бойынша құқық қорғау қызметін жүзеге асыру ретінде айқындауға болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-тармағына сәйкес судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде төмендегі негізгі принциптерді басшылыққа алуы тиіс:

1. кінәсіз деп жорамалдау;
2. бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық жауапқа тартуға болмайтындығы;
3. заңда көзделген соттылықты өзгертуге жол бермеу;
4. әркімнің өз сөзін тыңдатуға құқылығы;
5. жауапкершілікті күшейтуге және жауапкершілікті жеңілдетуге жол берілмейтіндігі;
6. айыпталушының өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
7. ешкім өзіне-өзі, туыстары мен жақын адамдарына қарсы айғақ беруге міндетті еместігі. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес.
8. адамның кінәлі екендігі жөнінде кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылатындағы;
9. заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайтындығы. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде сотталуға тиіс емес;
10. қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасында сот билігін тікелей жүзеге асыру төменде қаралатын басты принциптерге негізделеді.(1-сызба нұсқа)

Заңдылықтың сақталуы. Заңдылық мемлекет пен құқықтың жалпыға бірдей принцип болып табылады, ол жас, егемен Қазақстан үшін толық дәрежеде сотты ұйымдастыру мен оның қызметіне де қолданылады. Заңдылық принципі демократияның аса маңызды элементі болып табылады. Бұл екі ұғым бір-бірімен мейлінше өзара байланысты, өзара тәуелді: елде демократиясыз заңдылықтың болуы мүмкін емес, керісінше, мемлекетте заңдылық сақталмай демократияның болуы да мүмкін емес. Құқықтық мемлекеттің сот төрелігінде заңдылықтың сақталуы принципі заңдылықтың аса маңызды талаптарының сот қызметіне қолданылуын көздейді. Заңдылықтың демократиялық саяси биліктер және басқа жағдайларда көрінетін негізгі қысқаша нақтыланған түрі В.Н. Кудряцевтің пікірі бойынша төмендегідей:

- құқықтың жалпыға ортақтығы, яғни заңның араласу қажетін барлық қоғамдық қатынастар билеп-төстеу жолымен емес, заңмен реттелетіндей заңдылық қажет;
- Конституция мен заңның басымдығы;
- барлық адамдардың заң алдындағы теңдігі;
- құқықтарды жүзеге асыратын арнаулы және заңдық механизмдердің болуы (міндеттерді қатаң сақтау мен орындау; субъективтік құқықтарды пайдалану үшін кедергісіз мүмкіндіктердің болуы);
- құқықты кепілді, сапалы қолдану, құқық бұзушылыққа қарсы белсенді және батыл күрес жүргізу, заңды бұзғандардың бәрінің заң алдындағы сөзсіз жауаптылығы;
- құқықтық тәртіптің тұрақтылығы, баяндылығы, құқықтық реттеудің барлық тетіктерінің тиімді жұмыс істеуі.

Осы талаптар заңдылықты қалыптастырады; бұл талаптардың жиынтық сипаттама болуы қоғам өмірінен билеп төсеудің, жеке өктемдіктің, бақылаусыздықтың жойылуына жағдай жасайды және түпкі нәтижесінде заң нормаларында көзделгеннің бәрі нақты іске асады, адамдардың – қоғамдық қатынас қатысушыларының іс жүзіндегі мінез-құлқынан көрініс тауып, бұл қатынастардың шын мәніндегі заңдылығы қатаң құқық тәртібіне айналу үшін оларды заңдылық мұраттарына сәйкес келтіруді көздейді.

Біздігі соттардың, шын мәнінде құқықтың туындайтын өзіне тән, қалыптасқан міндеті бар, яғни заңдылықтың бұзылғаны анықталған жағдайда жеке қаулы шығарады. Статистика көрсетіп отырғанындай, 1998 жылы республиканың сот органдарына түскен қылмыстық істердің жалпы саны азайып, тиісінше осы істерге қатысты сот төрелігі шығапған шешімдердің қатесі едәуір көбейген.

Мына бір мысалға назар аударайық: 199 жылы Алматы облыстық сотының тәртіптік алқасына 34 судья жөнінде 30 іс келіп түскен.

Аталған істердің 16-сын Әділет басқармасының бастығы, 18-ін облыстық соттың төрағасы қозғаған, оның ішінде 4 судья жөніндегі іс бірігіп қозғалған.

Атап айтқанда:

- материалдық және процессуалдық заңнаманы өрескел бұзғаны үшін – 19 іс;
- жаман әрекеттер жасағаны үшін – 3 іс;
- істерді қарау мерзімін бұзғаны үшін – 10 іс;
- еңбек тәртібін бұзғаны үшін – 1 іс;
- сот жұмысын ұйымдастыруда жіберген кемшіліктері үшін – 11 іс қозғалған.

Істерді қарау барысында: 5 судьяға қатаң сөгіс; 8 судьяға – сөгіс; 8 судьяға ескерту жарияланып, 13 судья жөнінде талқылаумен шектелген.

Жалпы өкілетті соттардың қарауына жататын қылмыстық істер бойынша заң

бұзушылықтардың аса көптігі Қазақстан Республикасында сот төрелігін жүзеге асыруға қиындық келтіріп отыр. Мұндай заң бұзушылықтар алдын-ала тергеу органдарында да және алдын ала анықтаудың әртүрлі сатысындағы прокурорлардың арасында да орын алууда. Іс жүргізуде заңдылықтың бұзылуы мынадай жағдайларға: қылмыстық іс жүргізу мерзіміне, қорғалу құқығын қамтамасыз етуге, дәлелдемелердә бағалауға, сараптама тағайындауға, танушыларды тартуға, куәлердің іспен танысуына, алдын ала тергеу мен анықтаудың толықтығына, прокурор енгізетін іс жүргізу құжаттарының сапасына және іс бойынша қорытындысына, істің нәтижесіне мүдделік танытуға, алдын ала анықтау сатысында істің тоқталуының заңдылығына қатысты адамдарды(күділіктерді, куәларды) қабылдау-тарату орындарында ұстауға және т.б. байланысты орын алады. Осы айтылған заңдылықты бұзу деректері бойынша судьялар жеке ұйғарулар(қаулылар) шығарады. Заңдылық сақшыларының өздерінің қызмет бабына деген жауапкершілігі әзірге жоғары деңгейде емес. Аудандық(қалалық) соттар сан жағынан ең көп қаулыны (2398) Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі қызметкерлері атына, тиісінше, прокарктура органдарына – 948, Ұлттық қауіпсіздік комитеті(ҰҚК) департаменттеріне – 62 жеке қаулы шығарған.

Жеке қаулыларды шығаруға себепші болған заңдылықтың бұзылу көріністері егемен Қазақстанның құқық қорғау жүйесінде заңдылықтың сақталуына тиісті ықпал етпей отыр.

Ал мамандар мойындап отырғандай, жеке қаулыларды тиісінше орындау туралы мәселе әлі де болсын сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі ең осал буындарының бірі ретінде қалып отыр.

## **9 – тақырып. Судьяға қойылатын талаптар. Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар**

«Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасына сай Елбасы әлемдегі ең өркендеген, дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу межесін қойып отыр.

Ол үшін экономикалық, әлеуметтік және саяси бағыттар бойынша барлық салалар жетілдірілуі керек. Соның ішінде Қазақстанның сот жүйесі де алдыңғы қатарда болуы қажет. Бұл туралы Елбасы судьялардың республикалық алтыншы съезінде сөйлеген сөзінде былай деген болатын:

- Біз «Қазақстан 2050» стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай алуы керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан.

Иә, тәуелсіз еліміздің сот жүйесі де тәуелсіз. Ел тәуелсіздік алғаннан бері сот жүйесінде ауқымды реформалар жүзеге асырылып, халықаралық стандарттарға сәйкес сот төрелігі атқарылуда. Елбасы айтқандай, «сот абыройы – биліктің, жалпы халықтың абыройы». Сондықтан сот жүйесінде абыройға нұқсан келтіретін жайттарға жол берілмеуі керек.

Судьяға Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтау, судьяның антына адал болу, сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдеби талаптарын сақтау және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болу, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін

іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұру талаптары қойылады.

Судьялыққа үміткерлерге қойылатын талап жылдан жылға күшейтіліп келеді. Тәуелсіздікке дейін судьяларды халық сайлайтын болса, 90-жылдарда депутаттардың сайлауымен тағайындалатын. Ал, 1996 жылдан бастап Жоғары Сот Кеңесінде біліктілік емтиханын тапсырып, тағылымдамадан өткен азаматтар ғана Елбасы Жарлығымен судьялыққа тағайындалады.

2000 жылы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заң қабылданды. Осы Заңда судьяның тәуелсіздік кепілдіктері, оның мәртебесіне сай материалдық қамтамасыз етілуі және әлеуметтік қамсыздандыру мүмкіндігі құқықтық тұрғыда реттелген.

Судьялар үнемі халықпен тікелей қарым-қатынаста болғандықтан, олардың моральдық бейнесі мен кәсіби жетістігі қызмет барысында ерекше рөл атқарады. Егер судья өзіне жүктелген қызметтік парызын дұрыс орындамай, әдептілік нормаларының талаптарын бұзса, онда оларға тәртіптік шаралар қолданылады. Судьяларға қатысты қолданылатын шаралар биліктің басқа өкілдеріне қолдануға келмейді.

Судьяларға Конституцияда және аталмыш конституциялық заңға сәйкес сот төрелігін атқару үшін өкілеттіліктер берілген, олар өз қызметтерін тұрақты негізде атқарып, сот билігін атқарушы болып табылады. Оларға заңда көрсетілмеген соттан тыс қызмет пен міндет жүктелмейді.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз, тек қана Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарға ғана бағынады. Сот төрелігін атқару жөніндегі соттың қызметіне қандай да болмасын араласуға жол берілмейді. Және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеліп соғады. Судьялар өзі қараған немесе қарап жатқан іс бойынша қандайда бір түсінік беруге міндетті емес.

«Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заңның 29-30 баптарында судьяларды іріктеп алу, кандидаттарға қойылатын талаптар ашып көрсетілген. Үміткерлерді іріктеу барысында олардың шыққан тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, ұлтына, жынысына, саяси көзқарасына, діни сеніміне және басқадай жағдайларына қарамастан, судья лауазымына тағайындалуға бірдей құқық беріледі.

Аталған заңға ағымдағы жылы қараша айында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жаңа толықтырулар мен өзгерістер сот жүйесі кадрларының сапасын жақсарту, судьялыққа үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейту, судьялардың моральды-этикалық мәдениетін арттыру және доғарысқа шығатын судьяларға қойылатын талаптарға бағытталған.

«Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңда сот төрелігін әділ де тура атқару үшін судьялар мәртебесі заң жүзінде жеткілікті айқындалған. Бұл олардың заң талаптарын бұлжытпай орындауына мүмкіндік береді.

## **10 - тықырып. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру**

1. Судьяның өкілеттігі, егер:

1) судья Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелсе;

2) судья заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кеткен деп танылса;

3) судьяны қылмыстық жауапқа тартуға келісім берілсе;

3-1) осы Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген негіздер бойынша судьяның өкілеттіктерін тоқтату қажеттігі туралы Сот жюриінің шешімі болса;

4) басқа жұмысқа ауысса;

5) судья лауазымынан өз еркі бойынша босату туралы өтініш берсе, тоқтатыла тұрады.

2. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұруды:

Жоғарғы Соттың Төрағасына қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;  
Республиканың қалған барлық судьяларына қатысты - Жоғарғы Сот Төрағасы жүзеге асырады.

2-1. Судьяның өкілеттігі тоқтатыла тұрған кезде оның тиісті соттың төрағасы немесе сот алқасының төрағасы лауазымындағы өкілеттігі тоқтатыла тұрады.

2-2. Судья лауазымынан өз еркі бойынша босату туралы өтініш берген кезде оның өкілеттігі осы өтініш берілген күннен бастап бір ай өткен соң тоқтатыла тұрады.

3. Егер судьяның өкілеттігін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жай жойылса, судьяның өкілеттігі қалпына келтіріледі.

## **11 – тақырып. Судьяны қызметтен босату және оның өкілеттігін тоқтату**

1. Судьяның өкілеттігі мынадай негіздерде:

1) судья орнынан түскенде;

1-1) судья өз тілегі бойынша қызметінен босағанда;

2) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы бойынша;

3) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;

4) осы судьяға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;

6) судья қайтыс болған немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда;

7) судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және ол басқа жұмысқа ауысқан жағдайда;

8) соттың таратылуына немесе өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, егер судья басқа соттағы бос қызмет орнына орналасуға келісімін бермесе;

9) Сот жюриінің қорытындысы бойынша;

10) зейнеткерлік жасқа толғанда тоқтатылады.

2. Судьяның өкілеттігі судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының судьяны тәртіптік теріс қылықтар жасағаны немесе осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін қызметінен босату қажеттігі туралы шешіміне байланысты тоқтатылуы мүмкін.

3. Сот төрағасының не алқа төрағасының өкілеттіктері олар осы Конституциялық заңның 9, 14, 15, 20, 21 және 28-баптарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Судьяны қызметтен босату туралы шешім:

1) Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқа төрағалары мен судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

2) облыстық соттың төрағасы, алқа төрағалары мен судьялары, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

5. Судьяны қызметінен босату сонымен бір мезгілде тиісті соттың төрағасы немесе алқа төрағасы өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

Тиісті соттың төрағасын немесе алқа төрағасын өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты қызметтен босату оларды осы соттың судьясы қызметінен босатуға әкеп соқпайды.

6. Осы баптың 1-тармағының 3)-7), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда, судьялық қызметтен босатуға және судьяның өкілеттігін тоқтатуға Жоғары Сот Кеңесінің немесе Әділет біліктілік алқасының ұсыныстары талап етілмейді.

Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 199 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Судьяның орнынан түсуі

1. Еңбек жолы мінсіз және кемінде он бес жыл судьялық жұмыс стажы бар судьяның өзінің судья атағын, судьялар қоғамдастығында болуын, жеке басына тиіспеушілік кепілдігін және осы Конституциялық заңда көзделген өзге де материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін сақтай отырып, судьялық өкілеттіктерін тоқтатуының ерекше нысаны орнынан түсу деп танылады.

Судьяны орнынан түсу нысанында қызметінен босату осы Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 1-1), 2), 8) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

2. Судья орнынан түскен кезде судьялық жұмыс стажы жиырма және одан да көп жыл болса, жиырма төрт айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде, судьялық жұмыс стажы он бестен жиырма жылға дейін болса, он сегіз айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде оның соңғы лауазымы бойынша біржолғы шығу жәрдемақысы төленеді.

### 3. Судьяның орнынан түсуі:

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіргенде, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін қызметке тұрғанда;

ол қылмыс жасағанда немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасағанда;

өз тілегі бойынша;

Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;

ол қайтыс болғанда немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде тоқтатылады.

4. Судья орнынан түсуі тоқтатылған жағдайда жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен және осы Конституциялық заңның 51, 53 және 55-баптарында көзделген кепілдіктерден айырылады.

## **12 – тақырып. Судьяның орнынан түсуі**

Судьяның орнынан түсуі:

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіргенде, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін қызметке тұрғанда;

ол қылмыс жасағанда немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасағанда;

өз тілегі бойынша;

Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;

ол қайтыс болғанда немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде тоқтатылады.

4. Судья орнынан түсуі тоқтатылған жағдайда жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен және осы Конституциялық заңның 51, 53 және 55-баптарында көзделген кепілдіктерден айырылады.

## **13 – тақырып. Жоғары Сот Кеңесі және Әділет біліктілік алқасы**

Аз ғана кезең ішінде мемлекетімізде конституция қағидаларына сәйкес Жоғарғы Сот басқаратын біріңғай сот жүйесі құрылды. Бұған дейін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (1993) сот билігінде үш жоғары орган( Конституциялық Сот , Жоғарғы Сот, Жоғарғы Төрелік Сот) болған еді. Бірақ-та, мұндай құрылым алғашқы



кезеңде ойлағандай нәтижелер бермеді. Ресей Федерациясы үлгісімен құрылған егемен Қазақстандағы сот билігі жоғары эшалонның жұмысы, бейнелеп айтқанда И.А.Крылов мысалының кейіпкерлері: “аққу көкке, шортан суға, шаян қырға тартқаны” сияқты болып шықты. Сот билігі жоғары құрылымындағы сәйкессіздіктің салдарынан бүкіл заң жүйесінде дағдарыс дертінің белгілері байқала бастады. Енді міне, біздер қазір Жоғарғы Сот қана азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады.

“Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында еліміздің Жоғарғы Сотының өкілеттіктері айқын көрсетілген.

Енді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құрамын қарастырайық. Аталған заңның 18-бабына сәйкес, ол Жоғарғы Соттың Төрағасынан, алқа төрағаларынан және судьялардан тұрады.

Жоғарғы Соттың органдары:

- Қадағалау алқасы;
- Азаматтық істер жөніндегі алқа;
- Қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- Соттың жалпы отырысы болып табылады. Сондай-ақ Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-конституциялық және баспа органы құрылады.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы - алқа төрағалары, ал қадағалау алқасын Жоғарғы Соттың төрағасы басқарады. Әр алқадағы судьялар саны Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысымен соттың жалпы отырысында белгіленеді.

Қадағалау алқасы Жоғарғы Соттың жалпы отырысында жасырын дауыс беру арқылы судьялардың жалпы санының көпшілік дауысымен жыл сайын сайланатын судьялардан тұрады.

Жоғарғы Соттың құрамында құрылған екі жаңа орган қадағалау алқасы және соттың жалпы отырысы.

Қадағалау алқасының өкілеттігін белгілеу үшін қолданылып жүрген азаматтық істер жүргізу және қылмыстық істер жүргізу кодестеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Ол ҚР Жоғарғы Соты төрағасының, сот алқалары төрағалардың және барлық судьялардың жиналысын білдіреді. Жалпы отырыс үнемі жұмыс істемейді, қажеттілігіне қарай жиі, бірақ кемінде бір жылда екі рет шақырылады.

Соттың жалпы отырысы алқа құрамының санын белгілейді және қадағалау алқасының құрамына судьялар сайлайды. Сонымен қатар, жалпы отырыстың қарауына аталған заңның 22-бабында көрсетілген мәселелер жатады.

Осы жерде жалпы отырыстың заңда көрсетілген өкілеттіктері тұрақтыты ма, жоқ әлде жалпы отырыс басқа да мәселелерді қарауға құқылы ма деген заңды сұрақ туындауы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген заң талаптарын талдай отырып, жалпы отырыстың іс жүргізу заңдарында көрсетілмеген, яғни процессуалдық заңнамадан тыс өкілеттіктерімен айналысатынына көз жеткіздік.

Демек, соттардың жұмыстарын ұйымдастыруға және жоспарлауға байланысты, заңның 22-бабында көрсетілмеген, басқа да мәселелер, егер олар заң талаптарына қайшы келмесе, жалпы отырыстың қарауына жатады деп түйіндеуге болады.

Аталған заңның 20-бабының талаптарына сәйкес Жоғары Соттың төрағасы судья болып табылады және оның өкілеттіктері бұрын қолданылған заңның талаптарына қарағанда біршама кеңейтілгенін, бұл өзгерістер негізінен судьялардың мәртебелерін арттыруға, Республика судьяларының мүдделерін қорғауға бағытталғанын атап көрсетуге болады. Жоғарғы Соттың жанынан құрылатын ғылыми-конституциялық кеңестің құрамын Жоғарғы Соттың жалпы отырысында Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы бойынша

сайланады. Оған Жоғарғы Сот мүшелері, тәжірибелі қызметкерлер мен құқық саласындағы ғалымдар кіреді. Оның құрамына ғылыми-конституциялық кеңестің төрағасы, оның орынбасары, ғалым хатшы, екі секция: азаматтық, еңбек, неке-отбасылық және азаматтық процесс, қылмыстық, әкімшілік құқық және қылмыстық процесс кіреді. Ғылыми-конституциялық кеңес сот тәжірибесін, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының жобаларын, сот тәжірибесі шолуларының жобаларын, әдістемелік хаттар мен басқа да құжаттарды зерделеуге және жинақтауға байланысты материалдардың дайындалуын қамтамасыз етуге арналған кеңесші орган болып табылады. Жоғарғы Соттың аппараты. Жоғарғы Соттың оны ұстауға бөлінген қаражат шегінде Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Президенті бекітетін өз аппараты, құрылымы мен штаттары болады. Бүгінде жұмыс істейтін 110 адамнан тұратын Жоғарғы Соттың аппараты ҚР Президентінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы №3315 Жарлығымен бекітілген.

Аппарат өз өкілеттіктерін жүзеге асыру, сот тәжірибесін жинақтау және сот статистикасын талдау, судьялар мен процеске қатысушыларды қорғау, сондай-ақ соттың басқа да функцияларын орындау бойынша Жоғарғы Сот судьяларының қызметін қамтамасыз етеді. Жоғарғы Соттың аппараты мынадай құрылымдық бөлімшелерден тұрады:

- Жоғарғы Соттың аппараты;
- Жоғарғы Сот төрағасының хатшылығы;
- жалпы бөлім;
- ұйымдастыру-талдау басқармасы;
- кадр жұмысы басқармасы,
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы;
- баспасөз қызметі;
- халықаралық байланыс және хаттама бөлімі;
- заң шығару жұмыстары жөніндегі сектор;
- редакциялық-баспа бөлімі;
- қаржы бөлімі.

#### **14 – тақырып. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі**

Судьялардың тәртіптік жауапкершілігі институты барлық құқықтық жүйелерде кездеседі. Халықаралық судьялар қауымдастығы сот билігінің беделі мен судьялар тәуелсіздігін жан-жақты нығайта отырып, сонымен бірге судьяларға тәртіптік ықпал ету мүмкіндігін қарастырады. Судьялардың тәуелсіздігі, тиімділігі мен рөлі туралы Еуропа кеңесі Министрлер комитеті ұсынымдарының VI принципі мынадай: «Судьялар өз міндеттерін тиісті деңгейде атқармаса немесе тәртіптік бұзушылықтар орын алса, сот органдарының тәуелсіздігіне зиян келтірмейтін барлық қажетті шаралар қолданылуға тиіс».

Мемлекет судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің маңыздылығын ескере келе, оны құқықтық реттеуге баса назар аударады. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына 2012 жылы 16 ақпанда енгізілген өзгерістерге сәйкес судьялардың тәртіптік-біліктілік алқалары жойылып, судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарау өкілеттігі жергілікті деңгейден бір орталық орган – Сот жюриіне берілді. Бұл – судьялардың тәртіптік жауапкершілігі институтын арттырудың жаңа кезеңі.

Соттың тәртіптік жүйесі судьялардың әділдігін әрі тәуелсіз сот билігін қамтамасыз етуге тиіс. Егер тәртіптік жүйе оны теріс пайдалануға, тәртіптік жазаны негізсіз қолдануға мүмкіндік беретін болса, онда судья лауазымына лайықты адамдардың тағайындалуын

және олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін басқа заңды кепілдіктер жоққа шығарылады. Сенімді, айқын, әділ және теріс пайда-лануға жол бермейтін тәртіптік жауап-кершілік жүйесі ғана судьяның тәуелсіздігін қорғайды.

Бүгінгі таңда судья сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұрмалағаны, судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасағаны, еңбек тәртібін өрес-кел бұзғаны үшін тәртіптік жауап-кершілікке тартылуы мүмкін. Сот төрағалары және сот алқаларының төрағалары лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылады. Сот жюриі 2012 жылдың маусым айынан бастап жұмысқа кірісті. Сол кезден бүгінгі күнге дейін 70 судья мен сот төрағалары тәртіптік жауаптылыққа тартылды, оның ішінде 40 аудандық (қалалық) сот судьялары, 6 облыстық сот судьялары, 18 аудандық (қалалық) сот төрағалары, 1 облыстық сот алқасының төрағасы, 4 облыстық сот төрағасы, 1 Жоғарғы Сот судьясы. Көріп отырғандай, тәртіптік жүйе алдында барлық сатыдағы, барлық лауазымдағы судьялар бірдей, заң бұзушылыққа жол берген судьяға оның кінәсіне сай тәртіптік шара қолданылады. Осылайша, жоғарыда аталған судьялар мен сот басшыларына 19 ескерту, 36 сөгіс берілсе, 2 судья қызметінде қалдырылып, сот төрағасын, сот алқасы төрағасын қызметінен босату түрінде тәртіптік жаза қолданылды. Ал 16 судьяға да қызметінен босату түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Судьялар мен сот төрағалары негізінен сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін (60%) тәртіптік жауаптылыққа тартылған, кейбір жағдайларда судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасағаны үшін (15%), еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін (10%), сондай-ақ сот төрағасы, сот алқасының төрағасы қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін (15%) тәртіптік жауаптылыққа тартылған. Жергілікті жерлерде тәртіптік-біліктілік алқалары мен бірыңғай республикалық орган жұмыс істейтін қазіргі кезде судьяларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер 3,7 есе азайды.

Сонымен, судьялардың тәртіптік жауаптылығы институтын барлық сот сатылары судьяларының өкілдерінен құрылған бірыңғай республикалық алқалы орган ретінде құру өзін ақтап, республиканың тәртіптік жүйесіне оң ықпал етті деуге болады. Сонымен бірге, Сот жюриінің тәжірибесі судья-лардың тәртіптік жүйесін жетілдіру қажеттілігін көрсетіп отыр. Тәртіптік теріс қылық ұғымын анықтап, оны заң түрінде бекіту, сондай-ақ судьяларды тәртіптік жауаптылыққа тарту негіздерін барынша айқын анықтау қажет. Біздің ойымызша, заңда ережелер тым жалпылама берілген: сот істерін қарау кезінде жол берілген заң бұзушылық, судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық, еңбек тәртібін өрескел бұзу деп қандай әрекетті тануға болатыны анық жазылуы тиіс.

Сот жюриінің тағы бір маңызды қызметі – судьяның кәсіби біліктілігін анықтау. 2007 жылдан бері 31 судьяның кәсіби жарамсыздығы танылып, олар судья қызметінен босатылды, 35 судьяға қатысты олардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін қажетті шаралар қабылдау туралы шешім шығарылды. Заң бойынша сот төрелігін жүзеге асыру сапасы төмен немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты ұдайы бұзуға жол берген судьяға қатысты оның кәсіби жарамдылығын анықтау мәселесі туындайды.

Сонымен бірге, заңда «сот төрелігін жүзеге асырудың төмен сапасы» мен «сот істерін қарау кезінде заңдылықты ұдайы бұзу» деген тұжырымдардың мазмұны ашылмаған, ал бұл сот басшыларының оларды әртүрлі түсінуіне әкеп соқтырып, судья тәуелсіздігі қағидатын сақтауға кедергі келтіруі мүмкін. Қазіргі уақытта судьялардың жүктемесі арта түсуде, әсіресе 2010 жылы республика судьяларының жалпы саны қысқартылғаннан кейін, тіпті тәжірибелі судьялардың өзі кәсіби жарамдылығын анықтау нысандарына айналды. Сот жюриі судьялық қызмет өтілі бір жарым (1 жыл 6 ай) жылдан

бастап 20 жылдан асатын судьялардың кәсіби жарамдылығын анықтау мәселелерін қараған.

Біздің ойымызша, судьяның қыз-метін «жоғары» және «төмен» көрсет-кіштер бойынша бағалауға болмайды, олар судьяның кәсібилігін көрсетпейді. Іс жүзінде «сапа» күші жойылған және өзгертілген сот актілерінің саны бойынша анықталады, ал ондай күшін жою мен өзгертулер шынымен заңды білмеудің, оны дұрыс қолдана алмаудың, яғни кінәлі әрекеттің салдары болуы мүмкін, сондай-ақ олар дәлелдемелерді бағалауға байланысты сот қатесіне, заңнаманың немесе сот практикасының өзгеруіне және т.с.с. объективті немесе субъективті кінәлі емес әрекеттің де салдары болуы мүмкін. Судьяның кәсіби біліктілігін анықтау жөніндегі материалдардың 75 пайызы (төрт материалдың үшеуі) мамандандырылған экономикалық соттарда, сондай-ақ қалаларда орналасқан соттарда жұмыс істейтін судьяларға қатысты келіп түскен. Бұл соттарда, әдетте, жүктеме өте жоғары болады әрі аса ауыр санаттағы істер қаралады.

Судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау өлшемдерін заңда анық белгілеп, бір ізге салу қажет. Сондай-ақ, қазіргі кезде заңда судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау бойынша үш түрлі шешім қабылдау көзделген, олар: судьяның атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы, судьяның кәсіби біліктілігін арттыру бойынша қажетті шаралар қабылдау туралы, судьяның кәсіби жарамсыздығына орай атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы шешім. Судьяның кәсіби жарамдылығын анықтау бойынша заңда басқа да шешімдер түрлерін қарастыру қажет. Мысалы, судьяның мамандануын ауыстыру, төменгі сатыдағы немесе басқа сотқа ауыстыру, судьяны біліктілік емтиханын тапсыруға жіберу (мамандандырылған магистратураның түлектері үшін), жалақысы сақталмай немесе ішінара сақталып, судья өкілеттігін уақытша тоқтата тұрып, бір жылға дейінгі мерзімге оқуға жіберу және т.с.с.

Сонымен бірге, судьяның кәсіби жарамдылығын анықтаумен тәртіптік органнан бөлек – жеке орган айналысуға тиіс, ол судьяның кәсіби қызметін жан-жақты тексеруі қажет. Оның үстіне, судьяның кәсіби біліктілігі деңгейінің төмен болуы конкурстық іріктеудің кемшіліктерін, не судьяға тиісті жұмыс жағдайының жасалмауын, оған өзінің біліктілігін тұрақты негізде арттыруға мүмкіндіктің берілмеуін (яғни тағы да жүктеменің тым көп болуын) көрсетеді.

Судьялардың тәртіптік жауап-ты-лығын нақты құқықтық реттеу қажеттілігі судья тәуелсіздігін қамта-масыз ету үшін аса маңызды болып табылады. Осы мәселенің дұрыс шешілуі: сот билігінің беделін түсіретін, соттың әділдігі мен тәуелсіздігіне күмән келтіретін теріс қылық жасаған судьялардан сот жүйесін тазартуға; сот процесіне қатысушыларды судьялардың қолындағы билікті теріс пайдалануынан қорғауға; өз пайдасына шығарылмаған сот актілеріне наразы адамдардың негізсіз айыптауынан судьяларды қорғауға; судьялардың тәртіптік жауаптылығы туралы істерді қараудың оңтайлы рәсімін белгілеуге ықпал етеді.

Біздің және басқа да елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тәртіптік жүйе судьялардың тәуел-сіз-дігіне нұқсан келтіре алады. Сондық-тан, оны реформалау кезінде судьяның қоғамның сеніміне ие болатын әділ сот төрелігіне кепіл болуы тиіс екендігін назарда ұстаған жөн. Судьялар мен сот органдары судья әдебінің айқын құқықтық стандарттарын басшылыққа алып, тәртіптік жауаптылыққа әкеп соқтыруы мүмкін нақты әрекеттер мен мінез-құлық нысандарын білуге тиіс. Әрине, судьяның тәртіптік жауаптылыққа тартылуына әкеп соғуы мүмкін барлық әрекеттердің толық тізбесін жасау мүмкін емес, дегенмен заңда жауаптылыққа тартудың анық негіздерін бекітуге болады деп

есептеймін. Сондықтан алдағы съезде бұл өзекті мәселелердің де ортаға салынатындығына күмән жоқ.

**15 – тақырып. Судьяларды материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру.**

Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру

1. Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

2. Судья үшін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен қосымша міндетті зейнетақы жарналары белгіленеді.

Судья теріс себептер бойынша қызметінен босатылған кезде аталған жарналар республикалық бюджетке алынады.